

ӘОЖ 81-22

ҒТАХР 16.21.49

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.1.80.005>

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢБЫР АТАУЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ-ТІЛДІК РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Ахметова М. ¹, *Рахмет Ү. ², Данияр Ә. ³

^{1,2} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

³ №3 мектеп-гимназиясы ШЖҚ МКК, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ тіліндегі жаңбыр атаулары – жауын-шашын микротобының құрамына енетін тілдік бірліктер. Жауын-шашын лексика-семантикалық тобына *жаңбыр, қар, бұршақ, қырау, шық* секілді т.б. бұлттан жауатын не ауадан бөлініп шығатын қатты, сұйық суды білдіретін лексикалық бірліктер енеді.

Мақала қазақ халқының сөздік қорында сақталған жаңбыр атауларының халық дүниетанымындағы көріністерін айқындауға арналған. Қазақ халқы көшпелі мәдени дәстүріне сай ерте кезден-ақ жаңбырдың түр-түрін даралап таныған, оған жекелеген атау беріп (*ақ жаңбыр, боз жаңбыр, қара жаңбыр, нөсер, өткініші жаңбыр, сылбыр жаңбыр т.б.*), тіл қазынасын байыта білген. Бұл аталғандар тек метеорологиялық құбылысты білдіретін бірліктер ғана емес, халықтың таным-түсінігі, тіршілік тынысынан хабар беретін, наным-сенім жүйесімен тығыз байланысты атаулар. Зерттеуде осы жаңбыр атауларының этнолингвистикалық қырлары талданып, олардың әлемнің ұлттық тілдік бейнесіндегі сипаты, тура және ауыспалы, символдық мәнде қолданылу ерекшелігі қарастырылды. Әртүрлі ландшафтта өмір сүрген қазақ халқының табиғатпен байланысы, қоршаған әлем құбылыстарын танудағы өзіндік ерекшелігі, тұжырым-көзқарастары мен сезімі жаңбыр атауларына этносемантикалық талдау жасау арқылы сараланды. Бұл тілдік бірліктердің туындау уәждерін түсінуге, халықтың дүниетанымы мен өмір салтынан мағлұмат алуға, жаңбыр атауларының семантикасында сақталған мәдени кодты тануға мүмкіндік берді. Адамзекті парадигмадағы «тіл әлеміндегі адам», «адам әлеміндегі тіл» ұстанымына сәйкес, жаңбыр атаулары мәтіндегі қолданысымен қатар психоллингвистикалық тұрғыдан да талданды. 17 мен 25 жас аралығындағы респонденттерге сауалнама жүргізіліп, нәтижесінде қазақ жастарының санасындағы жаңбыр ұғымының репрезентациясы анықталды.

Зерттеудің құндылығы жаңбыр атауларын тек лингвистикалық құбылыс ретінде түсіндірумен шектелмей, ұлттық дүниетанымды айқындайтын мәдени кодтарды ашуға, тілдің тарихи жадын жаңғыртуға сеп болуында. Жұмыс қорытындысының ғылыми және практикалық маңызы сирек қолданылатын, көнеруге айналған жаңбыр атауларын жинақтап,

жүйелеп, олардың мән-мағынасын түсіндіріп, жаңбыр лексемасының жастар танымындағы көрінісін анықтауда көрінеді. Сондай-ақ зерттеу барысында жинақталған материалдар түсіндірме, энциклопедиялық, этнолингвистикалық және ассоциациялық сөздіктерге толықтыру ретінде қолданыла алады.

Тірек сөздер: жаңбыр атаулары, мағына, символдық мән, этномәдени таным, тілдік сана, мәдениет, ассоциациялық тәжірибе, репрезентация

Кіріспе

Тілде әр халықтың өзін қоршаған әлемді қабылдауы, ол туралы ой-түсінігі мен танымы көрінеді. Бұл құбылыс ғылымда «әлемнің тілдік бейнесі», кей тұстарда «ғаламның тілдік бейнесі» деген атаумен беріліп жүр. Бүгінгі таңда көптеген зерттеу еңбектерінің өзегіне айналған осы ұғымның бастауы белгілі неміс ғалымы В. фон Гумбольдтің тіл туралы айтқан ой-пікірлерінде жатыр. Ғалымның пайымдауынша, тіл – халық рухының айнасы, тіл арқылы ұлттық рух көрініс табады, халықтың рухы өз тілінде бедерленеді. Халықтың болмысы мен мінезі танылатын көптеген құбылыстардың ішінде тек тіл ғана сол рух пен мінездің ең терең әрі нәзік қырларын ашуға және оның ішкі сырларын ұғынуға мүмкіндік береді [1, 68-69 бб.]. Бұл пікір тіл мен адамның рухани әлемінің, тіл мен мәдениеттің ажырамас бірліктегі байланысын көрсетіп, лингвистикалық парадигмалар жүйесінде адамзекті, этнозекті жаңа бағыттың туындауына ықпал етті.

Тіл ғылымындағы Сепир-Уорф болжамына сәйкес, сыртқы әлемді танып-білу тәсілдері мен ойлау жүйесін тілдің құрылымы анықтайды; ойдың логикалық құрылымын тіл айқындайды; шындықты қабылдау ерекшелігі оны танушы субъектінің қай тілде ойланып, пайымдайтынына қатысты болады [2]. Бұл гипотеза бойынша, адамзаттың сыртқы әлемді танып-білу сипаты этносқа байланысты, сондықтан қоршаған орта әр ұлтта әртүрлі көрініс тауып, түрліше таңбаланады. Ұсынылған болжамның шынайылығы уақыт өте келе дәйектеліп, тіл бірліктерін этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика тұрғысында зерделеу қолға алынды.

Қазақ тіл ғылымында А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов тұжырымдарын одан әрі дамытқан, тіл ғылымының салалана өрбуіне ықпал еткен ғалымдар Ә. Қайдар, Ж. Манкеева Е. Жанпейісов, Г. Смағұлова, Қ. Жаманбаеваның еңбектері тіл арқылы ұлтты, мәдениет арқылы тілді зерттеудің әдіснамалық негіздерін ұсынды. Осы зерттеуде аталған ғалымдардың ой-пікірлеріне сүйене отырып, қазақ тіліндегі жаңбыр атауларының туындау уәжін, тура, ауыспалы мағынада жұмсалуын, сол атаулардың символдық мән-мағынасын, қазақ жастарының тілдік санасындағы көріністерін қарастырамыз.

Қазақ халқы жаңбырдың әртүрлі көріністерін оның жауу ерекшелігіне, сыр-сипатына, қарқындылығына сәйкес түрліше танып, бірнеше атаумен атаған. Мәселен, Ж. Кейкін қазақ тіліндегі жаңбырды білдіретін 21 атауды

(*былғары бұрку, бұркек, сірлету, себездеу, шаба жауу, селде*) [3], ал этнолог-ғалым А. Құралұлы 14 атауды (*бүрікпе, қарлы жаңбырлату, сылбырау, сылтың, сілбі*) көрсетеді [4].

Жауын-шашын – адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына, көңіл-күйіне тікелей әсер ететін табиғаттың ажырамас бөлігі. «Әңгіме әрқашан «Бүгін ауа-райы қандай?» деген сұрақпен басталуы мүмкін, бірақ әр алуан жауап беріледі. Күн бұлтты не ашық болуы, қар, жаңбыр жауып тұруы, ыстық немесе суық, желді не тымық, құрғақ не ылғал болуы мүмкін. Осының барлығы ауа-райының біздің өмірімізбен тығыз байланысты және маңызды екенін дәлелдейді» [5]. Адам тіршілігіндегі осындай маңызды құбылыстар лингвистердің назарынан тыс қалмай, бірқатар еңбектерде қарастырылған. Айталық, Н.А. Дудова неміс әлемінің тілдік бейнесіндегі атмосфералық жауын-шашынның концептуалдануына талдау жасайды. Ол жаңбыр лексемасы «*жаңбыр – жауу*», «*жаңбыр – молшылық*», «*жаңбыр – көз жасы*» сынды әртүрлі метафоралық бейнеде сипатталатынын атап көрсетеді [6].

Ю.Е. Ломоносова француз әлемінің тілдік бейнесіндегі «атмосфералық құбылыстар» өрісін құрайтын лексикалық және фразеологиялық бірліктерді зерттеп, сол тілдегі жауын-шашын атауларының ішінде ең көп кездесетіні *жаңбырға* қатысты лексемалар екенін, *жаңбыр* микроконцептінің номинативті өрісінде оны білдіретін 14 зат есімнің барын айтады. Автор *жаңбыр* түрлерін сипаттап көрсететін атаулардың көп кездесуін осы өңірде жауын-шашынның мол түсуімен, адам өміріне, шаруашылыққа т.б. ерекше әсер етуімен байланыстырады. Бұл зерттеуде жаңбырдың негізгі сипаты *көңіл-күйді түсіру, үрей туғызу, жағымсыз ауа-райы* мағынасындағы паремиялар арқылы ашылады, яғни *жаңбыр* ұғымы бұл мәдениетте жағымсыз мәнде қолданылатыны айтылады [7].

О.Н. Григорьева, Ли Силянь мақаласында орыс тіліндегі жауын-шашын атаулары лексика-семантикалық, этнографиялық тұрғыда және славян мифологиясымен байланысты талданады. Олар жаңбырға қатысты қолданылатын тіркестердің бірнеше сипатын атап өтеді. Мысалы: жаңбырдың ерекшелігіне қарай (*жазғы жаңбыр – жылы, күзгі жаңбыр – салқын*), эмоционалды баға беру реңкіне қарай (*көптен күткен жаңбыр, маза бермейтін жаңбыр*), тұрақты сөз тіркестерінде қолданысына қарай (*соқыр жаңбыр, саңырауқұлақ жаңбыр*) т.б. [8].

М.С. Оңғарбаева, Р.М. Таева т.б. зерттеуінде қазақ тіліндегі жаңбыр мен қарға қатысты метафоралар ағылшын тілімен салғастырыла талданып, екі тілдегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталады. Авторлардың пайымдауынша, адам баласы ауа-райы құбылыстарын бақылай жүріп, оны танып-білуге белсенді түрде қатысады, нәтижесінде оларға атау беріп, әр қырынан ашады. Метеорологиялық метафоралар қоршаған әлемдегі құбылыстарды бейнелеу арқылы халықтың тілдік бейнесін көрсетеді, сондықтан *жаңбыр* ұғымы қазақ тілінде *қуаныш, молшылыққа* теңелсе,

ағылшын тілінде *қайғы* мен *көңілсіздік* әсерін туғызады деп топшылайды [9].

Н. Милованова, М. Ескеева сынды ғалымдардың мақаласында қазақ, қырғыз тілдеріндегі жаңбыр ұғымының фразеологизмдерде қолданылу сипаты когнитивті тұрғыда анықталады. Жаңбырға қатысты 18 фразеологизмді мағынасы мен этимологиясына қарай саралап, фразеологизмдерге салыстырмалы талдау жасайды. Осы тілдік бірліктерді когнитивті аяда қолданылуына қарай 3-ке топтайды: 1) сын-сипатты білдіру (*ақ жауын, сылбыр жауын, балапан жаңбыр, былғары бұрқу*), 2) адамның іс-әрекетін, сыртқы кейпін суреттеу (*жауар күндей түнеру, жауар бұлттай, жаңбыр жаумай су болу*), 3) жауу, үлкен көлемде таралуды білдіру (*жаңбырдай жауу, оқ жаудыру, сұрақ жауғыз*) [10].

Ал «Исследования метеолексик в современной лингвистике: к степени изученности вопроса» атты мақаласында зерттеуші Н. Милованова метеолексика мәселері бойынша ғылыми айналымдағы қазақ, орыс, ағылшын және түркі тілдеріндегі еңбектерге аналитикалық шолу жасаған [11].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу мақсаты тіліміздегі жаңбырға қатысты лексикалық бірліктерді жинақтап, олардың тілдік-мәдени репрезентациясын анықтауға бағытталғандықтан, тілдік бірліктің қолданысын талдау маңызды. Сол себепті зерттеудің материалы ретінде әдеби шығармалар алынып, жаңбыр атауларының мағынасын ашып түсіндіру үшін «Қазақ тілінің ұлттық корпусы», «Сөздікқор» платформалары пайдаланылды. Жаңбыр атауларының репрезентациясын анықтауда жинақтау, сипаттау, салыстыру, контекстік, компоненттік талдау, статистикалық әдістер қолданылды.

Сонымен қатар *жаңбыр* ұғымының қазақ жастары санасындағы символдық, эмоциялық және этномәдени мәнін анықтау үшін 26.01.2025 ж. – 22.05.2025 ж. аралығында онлайн түрде Google формада сауалнама, еркін ассоциациялық тәжірибе өткізілді. Оның мақсаты берілген стимул сөзге қатысты ойға келген алғашқы сөзді жазу арқылы қатысушы санасында жаңбырдың не нәрсемен ассоциацияланатынын, жалпы әлемнің ұлттық тілдік бейнесінің қалай құрылғанын, оның ерекшелігін анықтау болды. Сауалнамаға 17-25 жастағы 100 адам қатысты. Олардың 80-і – әйел, 20-сы – ер адам. Ұлттық құрамы бойынша, 96% – қазақ, бұл зерттеудің этноәрекеті сипатын негіздейді. Алынған жауаптардан респонденттердің 37%-ы педагогикалық, 30%-ы медицина, 27%-ы қоғамдық-гуманитарлық және қалған 3%-ы техникалық және өнер салаларына қатысты екені анықталды. Бұл көрсеткіштер жауаптардың логика-семантикалық жағынан сан алуан мазмұнда болуына ықпал етті.

Нәтижелер және талқылау

Жаңбыр атауы – түркі тілдеріне ортақ *йағ* және *мур* компоненттерінен жасалған. Бұл сөз қарақалпақ тілінде *жамғыр*, башқұрт тілінде *ямғыр*, қырғыз тілінде *жамғыр*, өзбек тілінде *йомғир*, түрікше *йағмур*, татарша *яңғыр*, ұйғыр тілінде *йаңмур* түрінде қолданылады. Бұл атау аталған тілдерде әдетте *нұрға*, *несібеге* баланады. Халық аузынан бүгінге дейін жеткен «*Жаңбыр жауса, жерге сый, жігіт туса, елге сый*», «*Жаңбыр жауса – жердің ырысы*» сынды мақалдар осыны айғақтайды. Ал ағылшын тілінде, керісінше, *қайғы*, *жайсыздық* пен *бақытсыздыққа* теңеледі. Мәселен, *rainy day* тіркесі аталған тілде *түксіз*, *ақшасыз қалу* мағынасында қолданылады [9]. *Dus* және *djus* секілді үндіеуропа негізінен таралған орыс тіліндегі *дождь* сөзі алғашында «*нашар күн*», «*қолайсыз ауа-райы*» деген мағынаны білдірген [12].

Жаңбыр атауларының тілдегі көріністері қазақ халқының танымын, қоршаған ортаға деген көзқарасын, табиғатпен үндесе өмір сүргенін көрсетеді. Мәселен, қазақ танымында *жаңбыр* атауы *берекемен*, *гүлденумен* репрезентацияланып, жағымды эмоционалдық реңкті жеткізеді. Мысалы: *Жерден бу шығып, көктен жаңбыр жауып, Жайқалып шыға келді жердің күйі* (Бабалар сөзі. Ғашықтық дастандар. Т.19). Демек, көшпелі өмір салтында даланың гүлденіп, түрленуі жаңбырмен тығыз байланыста ұғынылады. Даланың жасыл шалғынға орануы мал шаруашылығымен айналысатын ел-жұрттың танымында төрт түліктің қонды болып, ауыл-аймақтың ішіп-жемнен тарылмауын, қысқа жиналатын жем-шөптің мол қорын, өлім-жітімнің, шығынның болмауын аңғартады. Сондықтан «*жаңбыр – береке*» метафоралық қолданысы тұрмыс-тіршіліктегі аталған жағдаяттармен сабақтастықта репрезентацияланады. Мысалы: *Ал, сәуірдің кезінде күн құрғамай жарқ-жұрқ найзағай ойнап, ақ жауын құйды да тұрды. ... Ойпаңдар мен қыраттарда неше түрлі шөп шығып, оралып қалды. «Түу, биылғыдай көктемге көктем жеткен бе? Неткен береке – бұл», – деп, қарттар таңданып-ақ жүрді* (Ш. Ниязин. Қызғалдақ).

Жаңбыр атауына сөздікте: «Бұлттан бөлініп, жерге түсетін атмосфералық су тамшылары» [13] – деген анықтама берілген. *Жаңбыр* сөзі тілімізде *жауын* лексемасымен синонимдес қолданылады. «Жауын – су тамшылары түріндегі атмосфералық тосап, жаңбыр» [13]. Мысалы: *Мына жауынның ашылатын түрі жоқ* (Ә. Кекілбаев. Ең бақытты күн). Қазақ тілінің сөздік құрамында *жаңбыр* атауынан тікелей жасалған көптеген тілдік бірліктер бар: *жаңбырдай*, *жаңбырша*, *жаңбырла/т/у*, *жаңбырлы*, *жаңбырлық*, *жаңбырсыз*, *жаңбыр ығы*, *жаңбырлатқыш*, *жаңбыр шақыру*, *жаңбыр тасқыны*, *жаңбыр өлшеуіш*, *жаңбыр ағындысы*, *жаңбыр қабылдағыш*, *жаңбырлата суармалау* т.б. Сондай-ақ қазақтың ақын-жазушылары жаңбыр атауларын шығармаларына тақырып етіп алып, көркем болмыс пен идеяны табиғаттың осы құбылысы арқылы жеткізуге тырысады: «*Қарлы жаңбыр астында*» (Ғ. Мүсірепов), «*Алтын жаңбыр*» (К.

Ахметова), «Түнгі жаңбыр» (Ж. Әлімғазыұлы), «Ақ жаңбыр» (К. Сегізбай), «Жасыл жаңбыр» (Ә. Қайран) т.б. Бұның бәрі қазақ халқының табиғатпен тығыз қарым-қатынасының, әлеуметтік-экономикалық тәжірибесінің, сөзжасам қабілетінің, тіл байлығы мен шығармашылығының, сөз саптау көркемдігінің көрсеткіші болмақ.

Көктен жаңбыр тамшыларының түсуі әрқашан біртекті емес, оның жауу сипаты кейбір физикалық құбылыстарға байланысты түрліше. Ғалым Т. Шонановтың шығармалар жинағында бұл ерекшелік туралы мынадай дерек берілген: «Жерге түскенде жаңбыр тамшысы үлкен-кіші болуы жаңбыр бұлттың жерден алыс-жақынына қарай болады. Бұлт жерден жоғары болса, жаңбыр тамшысына жолдан қосылушылар көбейіп, тамшы үлкейеді; бұлт төмен болса, жолдан қосылушылар аз болып, тамшы үлкейе алмай, жерге түседі. Сондықтан сіркіреп жауған ұсақ себезе ақ жауын жерге жақын бұлттан жауады. Тамшы ірі болған соң, қара нөсер шелектеп құя салғандай жауады; ақ жауын тамшы уақ болған соң, себезелеп, бүркіп, сіркіреп қана жауады» [14, 218 б.]. Осындай ерекшеліктеріне байланысты қазақ тілінде жаңбыр түрлерін білдіретін жекелеген атаулар бар: *ақ жаңбыр, қара жаңбыр, қарлы жаңбыр, қышқыл жаңбыр, балапан жаңбыр, муссондық жаңбыр, сіркіреме жаңбыр, нөсер, бұршақ жаңбыр* т.б. Соның бірнешеуіне тоқталып өтейік:

Ақ жаңбыр (ақ жауын) – үздік-создық ұзақ жауған жауын [13]. Мысалы: *Ақ жаңбыр бір басталса, тәулік бойы тынбай жауып тұрады. Үнсіз тұрып төге берді, төге берді* (Ж. Карбозин. Ақ жаңбыр). Бұл атаудағы ақ сөзі тілімізде көптеген сөздермен тіркесе қолданылады, әрі көп жағдайда түр-түсті емес, үнемі қайталану, ұзақ болу мәнін үстейді. Ол мағына біраз уақытқа созылған *боран, түтек* секілді құбылыстарға да қатысты қолданылады: Мысалы: *Кейде бір жұмадай, кейде тіпті он күндей айықпай, ақ боран боп түтеп тұрып алған кездері болған* (М. Әуезов. Абай жолы).

Тілдік қолданыстағы *боз жаңбыр* атауы «*жаңбырдың баяу, сібірлеп жауатын түрі, ақ жауынды*» білдіреді [13]. Мысалы: *Тура орта жолға келгенде, бір шөкім бұлт мұның төбесіне төніп келді де, төгіп жіберді. Кәдімгі боз жаңбыр* (О. Жүнісұлы. Замандас туралы сөз). *Боз жаңбыр* – жаңбыр тамшылары боз түсті, ақшыл реңді болып көрінетіндіктен, қоршаған ортаның сол кездегі реңіне байланысты жауынның сипаттамасын білдіретін атау.

Қара жаңбыр – бұлт қап-қара болып торлап келіп, тез жауатын суық жаңбыр [13]. Мысалы: *Ай бойы біресе қар жапалақтап, біресе мұздай қара жаңбыр төпелеп, біресе шағыл құмдарды уыстай шашып көзге ұрып, шаңыт борап шат-шәлекейі шыққан жапан түз қайтадан тыншыды* (Ә. Кекілбаев. Үркер). Осы үзіндіде *қара жаңбыр* тура мағынасында табиғаттың көрінісін сипаттай отырып, тарихи шығармада орын алған түрлі оқиғалармен байланысты ауыспалы мағынада ауыр кезең мен

қиыншылықты да білдіреді. *Қара жаңбыр* тіркесімі қазақ танымында көңілсіз, жабырқау күндерді, өкінішті репрезентациялайды: *Сөйлейді аспан қара жаңбыр тілімен, Сол Алматы, сол өзен. Ағыл-тегіл жылайды, рас, түнімен Терезем* (Е. Раушанов. Жолданбаған хат).

Ақ жауын кезінде төңірек бозғылт тартып, жауын ұзақ уақыт себелеп жауса, *қара жаңбырда*, керісінше, жер мен көк қарауытып, қара дауыл тұрып, күн күркірейді. Аталған тіркестің құрамында заттың түсін білдіретін «қара» сөзі бұл қызметте тура мағынасында қолданылмай, даму үдерісінде өзіндік белгісі күңгірттеніп, мән-мағынасы алыстап кеткендігін байқаймыз. Бұл атау әдеби шығармаларда күмәннің, қайғының, ауыр кезеңнің, зұлматтың символы ретінде көрінеді. Мәселен: *Қара жаңбырдың бір сарын сытырынан басқа дыбыс естілмейді. Уақыт өткен сайын жігіттің күдігі де көбейеді. Біреу сезіп қалып шыға алмай қалды ма? Неге кешікті?* (Қ. Толыбаев. Әсет).

Нөсер – шелектеп құйған қатты жаңбыр [13]. Мысалы: *Нөпір нөсер шүмектеп, Жасылдан жалтыл басталды* (І. Жансүгіров. Тас). Бұл сөз моңғол тілінде «нүсэр» тұлғасында «ауыр», «қиын» деген мағыналарды білдіреді [15, 209 б.]. *Нөсер* атауы лексика-семантикалық жағынан әуелі сындық мағынаны білдіріп, кейіннен өте көп мөлшерде жауатын жаңбырға номинатив болуы да қисынсыз емес. Себебі жауынның қатты, төгіп жаууы табиғаттың күрделі, шаруашылыққа қолайсыздық тудыратын жағдайларымен сабақтасып жатады. Осы негізде алғашында «нөсер жаңбыр» тіркесі «ауыр, қиын жауын» мағынасында болып, уақыт өте бұл тіркестен «нөсер» сөзі бөлініп, жеке қолданылып, жаңбырдың төгіп жаууын білдіретін лексикалық бірлікке айналғанға ұқсайды. *Нөсер* сөзінің мағыналық құрылымындағы төгіп жауу семасы символдық мәнде күйдің сипаттамасын жеткізуде қолданылып, этномәдени танымда көрініс табады: *Әсерлі ән, көк нөсер күйі, сал, домбыра* (Қ. Аманжолов. Жас дәурен).

Төкпе жаңбыр – төгіп-төгіп нөсерлетіп жауатын өткінші жауын [13]. *Нөсер* және *төкпе жаңбыр* атаулары жауынның бір сипатын жеткізуде жұмсалатыны байқалады. Себебі *төгіп жауу* семасы екеуіне де ортақ: *Орай-орай соққан төкпе жаңбыр ақ түйені көк жібек шымылдықпен орап алғандай екен* (Ғ. Мүсірепов. Ұлпан). *Төкпе* – тоқтаусыз төгілтіп әкететін сын-сапаны білдіретін лексикалық бірлік, ол жаңбырдың бір түрін даралап беру үшін қолданылып, жаңа атаудың туындауына негіз болып отыр.

Өткінші жаңбыр – аспан күмбезі көшпелі ала бұлттанып, тез жауып өтетін жаңбыр [13]. Мысалы: *Ауық-ауық өткінші жаңбыр жауып, кейде басылып, кейде жауып, қырық құбылып тұрған шақ* (Ш. Ниязин. Қос қайықшы). Өмірдегі кейбір құбылыстардың жылдам, тез өтетіні, алдамшы екені қазақ тілінің лексикасында *өткінші* сөзімен таңбаланады. *Өткінші жаңбыр* – сөздің тура мағынасымен байланысты жасалып, жаңбырдың жауу ерекшелігін сипаттап анықтау мақсатында қойылған. Қазақы танымда өте шығатын, тұрақсыз нәрселерді бейнелеп жеткізуде, өткінші жаңбырға

балап, теңейтін тұстар молынан кездеседі: *Дұшпан тез үркіткісі келсе керек, артиллерия атысы өткінші жаңбырдай тез басылды* (Т. Ахтанов. Қаһарлы күндер).

Сылбыр жаңбыр – желсіз күнгі жай жаңбыр [13]. Бұл тіркесімдегі «сылбыр» сөзі әдетте бос, былжыр, қимылы болбыр адамды суреттеу мақсатында айтылады. Халық арасында осыған байланысты «Сылбырдың аты шылбырына сүрінер» деген мәтел де кездеседі. Ерте заманнан құбылыстарды нәзік ажырата білген қазақ халқы жауған жаңбырдың да босаң, жай жаууына байланысты, интенсивтілігіне қарай *сылбыр жаңбыр* деп атау берген: *Күзгі сылбыр жаңбыр терезені тырс-тырс ұрып тұр* (Д. Әшімханұлы. Ағайындар).


Себезе – «жайлап бүрку, баяулап жауу; ақырын бүркіген» деген мағынаны білдіретін сөз [13]. Жаңбырдың осы түрімен байланысты халық қолданысында іс-әрекет атауын білдіретін *себезде, себездеу* сөздері бар: *Жер бетіне қайта оралған жесір әйелдің жүзіне де жаңбыр себездей бастаған екен* (З. Қабдолов. Сыр).

Соқыр жаңбыр – күн көзі шығып тұрғанда жауатын ұсақ тамшылы өткінші жаңбыр [3]. Мысалы: *Соқыр жаңбыр, сен шынымен соқыр екенсің-ау! Қарашы, күн жарқырап тұр. Ал, сен себелей жауасың!* (Соқыр жаңбыр). Бұл жаңбыр атауы әдетте көктем-жаз мезгілдерінде кездесетін жаңбыр түрін білдіруде қолданылады. Бұлт аспанның бір бөлігінде ғана шоғырланып, жаңбыр жауып тұрғанымен, күн көзі ашық болады. Тамшылары ұсақ болғандықтан, көзге көрінбейді. Сол сипатына байланысты *соқыр жаңбыр* аталған.

Жоғарыдағы мысалдардан қазақ дүниетанымының кеңдігі, табиғат пен тұрмыс-тіршіліктегі құбылыстарды, сындық-сандық белгілерді бір-бірімен ұтымды байланыстырғаны, оларды өзара салыстыра келе, ортақ белгілерін танып, жаңа сөз жасауда шебер қолданғаны анық көрінеді. Бұл – әлемді тану, оны санада нақты көріністермен бедерлеу секілді когнитивті әрекеттермен тығыз байланыста жүзеге асатын күрделі үрдіс.

Ал қазіргі жастардың этномәдени санасында *жаңбыр* ұғымы қандай зат, құбылыстармен репрезентацияланады? Көркем мәтіндерде берілген символдық мағынамен байланыс бар ма? деген сұрақтарға жауап алу үшін 100 респондентке сауалнама, ассоциациялық тәжірибе өткізілді.

Зерттеу барысында *жаңбыр* ұғымы жастардың тілдік санасында түрлі зат, құбылыс атауларымен танылатыны анықталды (1-суретті қараңыз). «*Жаңбыр*» ассоциациялық-вербалды өрісінде жиілігі жоғары тілдік бірліктерге *су, тамшы, бұлт* сөздері жатады. Бұлар жаңбырдың метеорологиялық сипатымен тығыз байланыста туындаған, *жаңбыр* сөзінің тура мағынасымен астасатын реакция қатарын құрайды.



Сурет 1 – «Жаңбыр» сөзіне алынған ассоциациялар

Ассоциациялық тәжірибеден алынған нәтижелерді логика-семантикалық жағынан 4 топқа бөліп қарастырамыз:

1) Табиғатпен, физикалық құбылыстармен байланысты реакциялар: *су, бұлт, тамшы, топырақ, найзағай, ауа-райы, аспаннан тамшылайтын су, бұлтты күн, күн бұлттануы, сулы топырақ, сулы жер, шөп, капелька, су тамшылары, шылаушын*. Мұндай ассоциациялардың көптігі жаңбырды табиғаттағы шынайы, нақты құбылыс ретінде қабылдаудың басым екенін көрсетеді.

2) Маусым, уақытпен байланысты реакциялар: *көктем, күз, жаз, күз немесе көктем мезгілі, бұрынғы кездер*. Жаңбырды жыл мезгілдерімен, уақытпен байланыстыру жастардың тілдік санасында бұл құбылыстың осы жыл мезгілдерінде көп кездесуімен және сол кезеңдерде орын алған жағдаяттарға сәйкес, ерекше есте қалатын сәттерімен байланыстырғаны байқалады.


3) Нақты зат атауларымен байланысты реакциялар: *қолшатыр, асфальт, жігіт*. Жастардың тілдік санасындағы бұл зат атаулары күнделікті өмірмен, табиғатпен, махаббат пен сағыныштан туатын сезімдерді репрезентациялайды. Мәселен, *қолшатыр* атауы жаңбыр кезінде пайдаланылатын негізгі атрибутқа жатады; *асфальт* қала өмірінен хабар беріп, урбандануды білдіреді; жаңбырдың *жігіт* сөзімен ассоциациялануы махаббат сезімін не белгілі бір жігіт туралы естелікті еске түсіргені аңғарылады.

4) Эмоционалды-рефлексивтілікті білдіретін реакция сөздер. Олардың ішінде жағымды (*тыныштық, керемет сезім, алғашқы махаббат, покой, балғындық, бақыт, тазалық, қараңғы көшеде серуендеу*) және жағымсыз

(қайғы) эмоцияларды білдіретін тілдік бірліктер анықталды. Респондент жауаптарында жаңбыр құбылысын *нұрмен* ассоциациялау да кездесті. Бұл жоғарыда айтып өткеніміздей, түркі халықтарының жаңбырды осы құбылысқа балайтынына әрі сол түсініктің қазіргі күнге дейін жалғасын тапқанына дәлел болады (*Нұр жауып тұрған көктемде, гүл тере барсаң бөктерге.М. Мақатаев*). Себебі *жаңбыр* ұғымы қазақ жастарының танымында жақсылықпен, бақытпен репрезентацияланған. Демек, *жаңбыр* атауында жасырынған мәдени код күні бүгінге дейін сақталған деп топшылаймыз.

Сауалнама барысында алынған келесі нәтижелер де осы пікірімізді дәйектей түседі (2-суретті қараңыз). «Жаңбыр ұғымының символдық мәні қандай?» деген сұраққа, жастардың 42%-ы жаңбырды *тазалық пен жаңарудың* символы ретінде қабылдайтыны анықталды. 36%-ы үшін ол *тыныштық пен ойлануды*, 14%-ы үшін *мұңды* білдіреді. 7%-ы жаңбырды *сағынышпен*, 1%-ы *жабырқау* сезімімен байланыстырады. Мұндағы *тазалық пен тыныштық* сынды жайлы эмоциялардың жоғары көрсеткішті беруі (78%) *жаңбыр* лексемасының жастардың тілдік санасында позитивті, жағымды мағынада көбірек көрініс тапқанын дәлелдейді.


Сіздің ойыңызша жаңбырдың символикалық мәні қандай?
100 ответов



Сурет 2 – Жаңбыр ұғымының жастар санасындағы символдық мәні

«Жаңбыр сізге қандай сезім сыйлайды?» деген келесі сұраққа респонденттердің 60%-ы *қуаныш* деп жауап берген. 3-суретте қамтылған сауалнама нәтижелері жаңбыр ұғымының қазақ жастарының этномәдени танымында жақсылықпен ассоциацияланатынын тағы да дәлелдеп отыр.

Жаңбыр сізге қандай сезім сыйлайды?
100 ответов



Сурет 3 – Жаңбыр ұғымының жастар санасындағы эмоционалдық сипаты

Қазақ жастарының санасында *жаңбыр* ұғымы *көңілсіздік* сезім-күйімен де байланысады (25%). Жоғарыда талданған көркем шығармаларда да осы эмоцияны жеткізуде жаңбыр атауларының жұмсалғанын сөз еткен едік. Бұл қазақ халқының тілдік санасында *жаңбыр* атауы табиғат құбылыстары, ауа-райы, маусымдық ұғымдармен байланысып қана қоймай, ішкі сезім, көңіл-күй, өткен мен болашақ, қоғамдағы өзгерістерге қатынасын білдіретін сан түрлі мағынаны репрезентациялайтынын айқындайды.

Қорытынды

Қазақ тіліндегі жаңбыр атаулары – халықтың табиғатты тану мәдениеті мен дүниетанымының айнасы. Бұл атауларда ұлттық болмыстың, тілдік шығармашылықтың және рухани дүниенің ізі жатыр. Жаңбырдың түрлік жіктелімін сипаттайтын лексемалардың молдығы қазақтың бай тілдік қоры мен табиғатпен үндесе өмір сүрген «Ұлы дала» өмір салтының көрінісінен хабар береді. Сол себепті жаңбыр атауларын тек лексикалық бірлік ретінде емес, халықтың рухани-мәдени кодын танудың да маңызды арнасы деп есептейміз.

Мақалада талданғандай, жаңбырдың түр-түсіне, мөлшеріне, жауу сипатына және оның халық санасында қабылдануына қарай әртүрлі атаулар қалыптасқан. Бұл ұлттық таным мен тіл арасындағы ажырамас байланыстың айқын дәлелін білдіреді. Қорыта айтқанда, көшпелі мәдениетте жаңбыр – табиғаттың сыйы, тіршіліктің қайнар көзі болғандықтан, күні бүгінге дейін қазақ дүниетанымында «жаңбыр құт-береке, қуаныш, бақыттың» символы ретінде репрезентацияланады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан 2024-2026 ж. қаржыландырылатын AP23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» тақырыбындағы гранттық жоба аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию: Пер. с нем. / Общ. ред. [] Г.В.Рамишвили; Послесл. А.В. Гулыги и В.А. Звегинцева. – М.: ОАО ИГ «Прогресс», 2000. – 400 с.

[2] Gerrig, R. J., Banaji, M. R. Language and thought. In R. J. Sternberg (Ed.), Handbook of perception and cognition: Vol. 12 Thinking and problem solving (2nd ed.). – San Diego, SA: Academic Press. – 1994. – Pp.233-261.

[3] Кейкін Ж. Қазақ атаулар мен байламдар. – Алматы: «Өлке» баспасы. 2006. – 456 б.

[4] Құралұлы А. Жер, табиғат, аспан әлеміне байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 64 б.

[5] Dong S., Huang C.-R., Ren H. Towards a new typology of meteorological events: A study based on synchronic and diachronic data. – *Lingua*, 247, 102894. – 2020. – 300 p.

[6] Дудова Н.А. Концептуализация атмосферных осадков в немецкой языковой картине мира: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Омск, 2007. – 22 с.

[7] Ломоносова Ю.Е. Концептуальное поле «атмосферные явления» во французской языковой картине мира: автореф. дисс. ... к. филол. н. – Воронеж, 2008. – 22 с.

[8] Григорьева О.Н., Ли Силянъ. Названия атмосферных осадков в современном русском языке // *Филология и человек*. – 2022. – №2. – С. 52-64.

[9] Ongarbayeva M.S., Tayeva R.M., Naubay B.N., Valiyeva A.K.. National specificity of meteorological metaphors in the English and Kazakh languages (based on corpus data) // Ш.Уәлиханов атындағы ҚУ хабаршысы. *Филология сериясы*. – 2021. – №1.

[10] Milovanova N., Yeskeyeva M. Cognitive Aspects of the Phraseology of Precipitation in the Kazakh and Kyrgyz Languages // *Eurasian journal of Applied Linguistics*. – 2024. – № 10(3). – Pp.194-205.

[11] Милованова Н.В. Исследования метеолексик в современной лингвистике: к степени изученности вопроса // *Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Филологические науки»*. – 2025. – №1(76). – С. 230-243.

[12] Фасмер М. *Этимологический словарь русского языка*. Т. I–IV. М., 1935-1940. – 577 с.

[13] Sozdikqor.kz. URL: https://sozdikqor.kz/#/all_projects

[14] Шонанов Т. *Бес томдық шығармалар жинағы*. 4-том. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. 2017. – 266 б.

[15] Санжеев Г.Д., Орловская М.Н., Шевернина З.В. *Этимологический словарь монгольских языков: в 3 т. / Институт востоковедения*. – Москва: ИВ РАН, 2016. Том 2. G–P. 2016. – 232 с.

REFERENCES

[1] Gumboldt W. von. *Izbrannye trudy po yazykoznaniiyu* [Selected works on linguistics] (G. V. Ramishvili, Ed.; A. V. Gulyga & V. A. Zvegintsev, Afterwords). – Moscow: OAO IG “Progress”, 2000. 400 s. [in Rus].

[2] Gerrig R. J., & Banaji M. R. Language and thought. In R. J. Sternberg (Ed.), *Handbook of perception and cognition: Vol. 12 Thinking and problem solving*. (2nd ed.). – San Diego, SA: Academic Press. – 1994. – Pp. 233-361.

[3] Keikin Zh. *Qazaqy atawlar men bailamdar* [Kazakh names and associations]. – Almaty: Ölke. 2006. – 456 b. [in Kaz].

[4] Quraluly A. Zher, tabigat, aspan álemine baylanysty terminder men sóz turkesteriniń túsindirme sózdıǵı [Explanatory dictionary of terms and phrases related to earth, nature, and the sky]. – Almaty: Öner, 2007. – 64 b. [in Kaz].

[5] Dong S., Huang C.-R., Ren H. Towards a new typology of meteorological events: A study based on synchronic and diachronic data // *Lingua*, 247, 102894. – 2020, – 300 p.

[6] Dudova N. A. Kontseptualizatsiya atmosferykh osadkov v nemetskoj yazykovoy kartine mira [Conceptualization of atmospheric precipitation in the German linguistic worldview]: doctoral dissertation abstract. – Omsk, 2007. – 22 s. [in Rus].

[7] Lomonosova Y. E. Kontseptual'noe pole “atmosfernye yavleniya” vo frantsuzskoy yazykovoy kartine mira [The conceptual field “atmospheric phenomena” in the French linguistic worldview]: doctoral dissertation abstract. – Voronezh, 2008. – 22 s. [in Rus].

[8] Grigoryeva O. N., & Li S. Nazvaniya atmosferykh osadkov v sovremennom russkom yazyke [Names of atmospheric precipitation in modern Russian] // *Filologiya i Chelovek*. – 2022. – №2. – S. 52-64. [in Rus].

[9] Ongarbayeva M. S., Tayeva R. M., Naubay B. N., Valiyeva A. K. National specificity of meteorological metaphors in the English and Kazakh languages (based on corpus data) // *Bulletin of Sh. Ualikhanov Kokshetau University. Philology Series*. – 2021. – № 1, 2021.

[10] Milovanova N., Yeskeyeva M. Cognitive Aspects of the Phraseology of Precipitation in the Kazakh and Kyrgyz Languages // *Eurasian journal of Applied Linguistics*. – 2024. – № 10(3). – Pp.194-205.

[11] Milovanova N. V. Issledovaniya meteoleksiki v sovremennoy lingvistike: k stepeni izuchennosti voprosa [Studies of meteolexics in modern linguistics: to the degree of study of the issue] // *Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series “Philological sciences”*. – 2025. – №1(76). – Pp. 230-243. [in Rus].

[12] Fasmer M. *Etimologicheskiy slovar' russkogo yazyka* [Etymological dictionary of the Russian language] (Vols. 1–4). – Moscow, 1935-1940. – 577 s. [in Rus].

[13] [Sozdikqor.kz. URL: https://sozdikqor.kz/#/all_projects](https://sozdikqor.kz/#/all_projects)

[14] Shonanov T. *Bes tomdyq shyǵarmalar zhinaghy* [Collected works in five volumes] (Vol. 4). – Almaty: Memleketik tildi damytu instıtúty. 2017. – 266 b. [in Kaz].

[15] Sanzheev G. D., Orlovskaya M. N., & Shevernina Z. V. *Etimologicheskiy slovar' mongol'skikh yazykov* [Etymological dictionary of Mongolic languages] (Vol. 2: G–P). – Moscow: Institute of Oriental Studies RAS. 2016. – 232 s. [in Rus].

КУЛЬТУРНО-ЯЗЫКОВАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ НАЗВАНИЙ ДОЖДЯ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Ахметова М.¹, *Рахмет Ү.², Данияр Ә.³

^{1,*2} Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

³ ГККП средняя школа-гимназия №3, Астана, Казахстан

Аннотация. Названия дождя в казахском языке – это языковые единицы, входящие в микрогруппу осадков. В лексико-семантическую группу «осадки» входят такие лексемы, как *дождь, снег, град, иней, роса* и другие единицы, обозначающие твердую или жидкую воду, выпадающую из облаков или выделяющуюся из воздуха.

Данная статья посвящена выявлению отражения названий дождя, сохранившихся в лексиконе казахского народа, в народном мировоззрении. Казахский народ, исходя из своей кочевой культурной традиции, с древних времен различали множество видов дождя, давали каждому отдельное название (*ақ жаңбыр, боз жаңбыр, нөсер, өткінші жаңбыр, сылбыр жаңбыр* и др), тем самым обогащая языковое богатство. Указанные наименования представляют собой не просто обозначения метеорологических явлений, но и отражают мировоззрение народа, особенности образа жизни и тесно связаны с системой верований. В исследовании анализируются этнолингвистические аспекты этих наименований дождя, их место в национальной языковой картине мира, особенности употребления в прямом, переносном и символическом значении. Через этносемантический анализ названий дождя рассматриваются особенности мировосприятия казахов, живших в различных природных ландшафтах, их связи с природой, образ мышления, восприятие и чувственное отражение окружающего мира. Это дало возможность понять мотивацию возникновения данных языковых единиц, получить сведения о мировоззрении и образе жизни народа, а также выявить культурный код, заложенный в семантике названий дождя. В соответствии с антропоцентричной парадигмой «человек в языке мира» и «язык в мире человека», названия дождя рассмотрены не только в контексте текстового употребления, но и с психоллингвистической точки зрения. Был проведен опрос среди респондентов в возрасте от 17 до 25 лет, в результате которого выявлена репрезентация понятия «дождь» в сознании казахской молодежи.

Ценность исследования заключается не только в объяснении названий дождя как лингвистического явления, но и в раскрытии культурных кодов, определяющих национальное мировоззрение, а также в содействии возрождению исторической памяти языка. Научная и практическая значимость результатов работы проявляется в сборе, систематизации и толковании редко употребляемых, устаревающих названий дождя, а также в выявлении их отражения в восприятии молодежи. Кроме того, собранный в ходе исследования материал может быть использован в качестве дополнения

к толковым, энциклопедическим, этнолингвистическим и ассоциативным словарям.

Ключевые слова: названия дождя, значение, символическое значение, этнокультурное познание, языковое сознание, культура, ассоциативный опыт, репрезентация

CULTURAL AND LINGUISTIC REPRESENTATION OF RAIN NAMES IN THE KAZAKH LANGUAGE

Akhmetova M. ¹, *Rakhmet U. ², Daniyar A. ³

^{1,*2} L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

³ SE School-Gymnasium №3, Astana, Kazakhstan

Abstract. Rain names in the Kazakh language are linguistic units that belong to the microgroup of precipitation. The lexical-semantic group of precipitation includes such units as *rain, snow, hail, frost, dew*, and other lexical items that clouds or separating from clouds or separating from the air.

This article aims to identify how rain names, preserved in the Kazakh peoples vocabulary, are reflected in their worldview. In accordance with their nomadic cultural tradition, the Kazakh people have distinguished various types of rain since ancient times, assigning each a specific names (*aq zhanbyr, boz zhanbyr, qara zhanbyr noser, otkinshi zhanbyr, sylbyr zhanbyr*, etc.), thereby enriching the linguistic treasury. These terms are not merely expressions of meteorological phenomena, but also reflect the peoples worldview, way of life, and are closely connected to their belief system. The study analyzes the ethnolinguistic aspects of these rain names, their role in the national linguistic worldview, and their use in literal, figurative, and symbolic meanings. Through ethnosemantic analysis of rain-related terms, the article explores the Kazakh peoples relationship with nature, their perceptions of natural phenomena, and their unique way of understanding the surrounding world shaped by different landscapes. This analysis helps to uncover the motivations behind the emergence of these linguistic units, provides insights into the peoples worldview and way of life, and reveals the cultural code embedded in the semantics of rain names. Following the anthropocentric paradigm of “language in the human world” and “the human in the world of language”, the study also includes a psycholinguistic perspective on the usage of rain names. A survey was conducted among respondents aged 17 to 25, revealing how the concept of rain is represented in the consciousness of Kazakh youth.

The value of the research lies not only in interpreting rain names as a linguistic phenomenon, but also in revealing cultural codes that define the national worldview and in contributing to the revival of the languages historical memory. The scientific and practical significance of the studys findings is manifested in the collection, systematization, and interpretation of rarely used and archaizing rain names, as well as in identifying their representation in the perception of the younger generation. Furthermore, the material gathered during the research

can be used as a supplement to explanatory, encyclopedic, ethnolinguistic, and associative dictionaries.

Keywords: names of rain, meaning, symbolic meaning, ethnocultural perception, linguistic consciousness, culture, associative experience, representation

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 28.08.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Ахметова Маржан Кәкімқызы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор міндетін атқарушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, e-mail: akhmetova_mk@enu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-0542-1755>

Рахмет Үрпатша Урстемқызы – магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, e-mail: rakhmetu@inbox.ru, <https://orcid.org/0009-0004-7127-2422>

Данияр Әлия Ахмедияқызы – PhD, Астана қ. әкімдігінің №3 мектеп-гимназиясы ШЖҚ МКК, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, e-mail: aliya_daniyarovna@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3465-7855>

Информация об авторах:

Ахметова Маржан Какимқызы – кандидат филологических наук, исполняющий обязанности профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, e-mail: akhmetova_mk@enu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-0542-1755>

Рахмет Үрпатша Урстемқызы – магистрант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, e-mail: rakhmetu@inbox.ru, <https://orcid.org/0009-0004-7127-2422>

Данияр Алия Ахмедияқызы – PhD, ГККП средняя школа-гимназия №3 акимата г. Астаны, учитель казахского языка и литературы, e-mail: aliya_daniyarovna@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3465-7855>

Information about the authors:

Akhmetova Marzhan Kakimkyzy – Candidate of Philological Science, Acting Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail: akhmetova_mk@enu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-0542-1755>

Rakhmet Urpatsha Urstemkyzy – master’s student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail: rakhmetu@inbox.ru, <https://orcid.org/0009-0004-7127-2422>

Daniyar Aliya Akhmediyakyzy – PhD, SE School-Gymnasium №3 of the Akimat of Astana, teacher of Kazakh Language and Literature, e-mail: aliya_daniyarovna@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3465-7855>